Білім өсу мен жеке тұлғаны дамыту үшін

# СТУДЕНТТІҢ АНЫҚТАМАЛЫҚ -БАҒДАРШАМЫ



## Атырау аграрлы-техникалық колледж



# АЗМҰНЫ


................................................................................ 3
ЛІМЕТ ................................................................................ 3
Колледж тарихы ................................................................................ 4
ААТК студентінің ар-намыс кодексі ................................................................ 6
Колледж құрылымы ................................................................................ 8
Колледж әкімшілігі ................................................................................ 9
Колледж кітапханасы ................................................................................ 10
Колледждің спорт секциялары мен шығармашылық бірлестіктері ................................................ 11
ААТК-де ОҚУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ................................................................ 12
Оқыту технологиясы туралы ................................................................ 12
Білімді бақылау және бағалау қалай жүзеге асырылады? ........................................ 12
Мемлекеттік емтихандар және үздік диплом туралы ........................................ 15
Колледжден не үшін шығарылуы мүмкін? ................................................ 15
Қандай жағдайларда мемлекеттік гранттан айырылуға болады? .................................. 16
Қандай жағдайларда академиялық демалыс алуға болады? .................................. 16
Қандай жағдайларда шәкіртақы тағайындалады? ........................................ 17
ААТК-дегі ауыстырылу және қайта қалпына келтірілу тәртібі ................................ 18
Тілек ................................................................................ 20
2018-2019 оқу жылына арналған ААТК-дің академиялық күнтізбесі ................................ 21


***Атырау аграрлы-техникалық колледжіне оқуға түсу арқылы, дұрыс таңдау жасадың. Біздің колледж Атырау***

***өңірінде ғана емес, соныменен бірге еліміздің бүкіл аумағында лайықты беделге ие. Сен колледжбен өздігіңмен танысу және сенің алдыңда ашылып отырған мүмкіндіктерді толық пайдалану үшін осы анықтамалық әзірленді.***




***1948 жылы 7 шілдеде Гурьев облыстық депутаттар кеңесінің № 331 шешіміне сәйкес Мақат ауданының «Ескене» кәсіпорында Гурьев зооветери-нарлық техникумы ашылды. 1952 жылы техникумның алғашқы түлектері еңбек майданына араласты. Орта арнаулы білімді 39 зоотехник және 28 веттехниктер диплом алды.***

***1954 жылдан бастап өндірісте жұмыс жасап жүріп білім алатын дә-режеге жетті. 1953 жылы техникум облыс орталығына көшірілді.***

***1958-1959 жылдары жаңа агроном, ауылшаруашылығының механигі, ауылшаруашылық саласындағы бухгалтер мамандықтары ашылды. 1962 жы-лы Қаз.ССР Министрлер кеңесінің шешімі бойынша Гурьев зооветтехникумы Гурьев ауылшаруашылық техникумы болып атанды. 1976 жылдан бастап жаңа типтік ғимаратқа көшті.***

***Облыс Әкімі шешімімен 1993 жылдан Атырау аграрлы-техникалық колледж «Коммуналды мемлекеттік – меншікті мекеме –Атырау аграрлы- техникалық колледжі болып атанды.***

***БКП(б) ОК қаулысына және «Балық» Басқармасының шешіміне сәйкес 1932 ж 5 тамызда Гурьев теңіз техникумы құрылды.Ең алғаш техникумда «Балық өнімдері технологиясы» және «Өндірістік балық аулау» мамандық-тары бойынша 72 студент білім алды. Алғашында техникум Гурьев қаласында кейін 1934 жылы Балықшы поселкесіне көшірілді.***

***Осы уақыттан бастап теңіз техникумының тарихы балық комбинатымен тығыз байланысты. Заманына сәйкес әр кезде түрлі мамандықтар ашылып тұрды.***

***Бұл оқу орны 1997 жылы 8-ші мамырында Атырау облысы Әкімінің жарлығы бойынша Атырау ауылшаруашылық колледжі мен Атырау теңіз балық өнеркәсібі колледжі бірігіп Атырау аграрлы-техникалық колледжі болып атанды.***

***Жыл сайын колледжде білім алатын оқу топтарындағы студенттер саны қарқынды артып келеді.***

***Колледждің оқу ғимараттарындағы барлық оқу кабинеттері мен лабораториялары европалық деңгейдегі күрделі жөндеуден өткізілді.***

***Колледждің даму тарихының айнасы мұражай ұйымдастырылды. Жаңа заман талабына сай жабдықталған, жаңа спорт кешені іске қосылды. Студенттерді әдептілікке, өркениетке мәдениетке баулау орталығы жаңаша жабдықталған акт залы толыққанды қызмет етуде.***

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ РӘМІЗДЕРІ




**Государственный герб Республики Казахстан** представляет собой изображение шанырака (верхняя сводчатая часть юрты) на голубом фоне, от которого во все стороны в виде солнечных лучей расходятся уыки (опоры) в обрамлении крыльев мифических коней - Тулпаров. В верхней части герба - звезда, в нижней части - надпись «Казахстан».

В цветном изображении Государственный герб Республики Казахстан состоит из двух цветов: золота и сине-голубого.

Воспроизводимое изображение Государственного герба Республики Казахстан, независимо от его размеров, должно в точности соответствовать цветному или черно-белому изображениям эталона Государственного герба РК, хранящегося в Резиденции Президента РК.



**Государственный флаг Республики Казахстан** представляет собой прямоугольное полотнище голубого цвета с изображением в его центре солнца с лучами (символ мира), под которым - парящий орел (символ свободы). У древка - вертикальная полоса с национальным орнаментом. Изображение солнца, лучей, орла и орнамента - цвета золота. Отношение ширины к его длине - 1:2.

Государственный флаг Республики Казахстан и его изображение, независимо от размеров, должен в точности соответствовать цветному и схематичному изображениям эталона Государственного флага РК, хранящегося в Резиденции Президента РК.

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны**

Алтын күн аспаны
Алтын дән даласы
Ерліктің дастаны
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген
Даңқымыз шықты ғой
Намысын бермеген
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің,
Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:

**Студенттердің ар-намыскодексі**

**Атырау аграрлы-техникалық колледжі студенттерініңқауымдастығы:**

- Колледждің 2020 жылғадейінгі даму стратегиясы және миссиясын жүзеге асырудағы өз жауапкершілігін сезіне отырып,
- Қазақстан Республикасындағы аграрлық білім берудің көшбасшысы ретінде ААТК имиджін және корпоративті мәдениетін дамыту мен қолдауды өзінің міндеті ретінде санай отырып,
- ААТК студенттері, оқытушылары, қызметкерлері және жоғарғы оқу орнының әкімшілігі арасында шынайы демократиялық қарым-қатынастар жүйесін қалыптастыруға ұмтыла отырып,

**ААТК студентінің осы Ар-намыс Кодексін қабылдайды және оны қалтықсыз орындауға міндеттенеді**.

**1-бап.**

ААТК студенті Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарын, ААТК Жарғысын, ішкі тәртіп Ережесін, студенттер үйінде тұру Ережесін, ААТК оқытушылар құрамының, қызметкерлері мен студенттерінің этикалық Ережесін және оқу-тәрбие үдерісін реттейтін басқа нормативті-құқықтық актілерді сақтауға міндеттенеді.

**2-бап.**

ААТК студенті Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін, ұлттық құндылықтар мен мәдениетті, Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасу тарихын біледі және қастерлейді, колледж дәстүрлерін кіршіксіз сақтап, құрметтейді.

**3-бап.**

ААТК студенті басқа студенттермен, оқытушылармен және қызметкерлермен, әкімшілікпен қарым-қатынас барысында ізеттілік, кішіпейілділік және ұқыптылық танытады.

**4-бап.**

ААТК студенті кез-келген азаматтың шығу тегі мен ұлтына, әлеуметтік дәрежесіне, діни немесе дүниетанымдық ұстанымдарына қарамастан құрметпен қарайды, ұлтаралық төзімділік пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделі идеясы мен қағидаттарын насихаттайды.

**5-бап.**

ААТК студенті өзінің оқу міндеттерін қатаң орындайды, төмендегідей академиялық, этикалық және құқықтық нормаларды бұзушылыққа жол бермейді:

- плагиат,
- алдау,
- білімді бақылаудың барлық деңгейлері мен түрлерінен өту барысында шпаргалка пайдалану, көшіру және біреуден сұрау;
- жоғарыбағаалуүшінтуысқандықнемесеқызметтікбайланыстарды пайдалану;
- пара беру;
- оқытушыныалдаужәне оны сыйламау;
- сабақтардысебепсізжіберужәнекешігу.

**6-бап.**

ААТК студенті Қазақстанның болашақ экономикалық, саяси және басқару элитасына лайықты сапалы және бәсекеге қабілетті білім алу идеясын насихаттайды.

**7-бап.**

ААТК студенті колледж мүлкінің сақталуына қамқорлық жасайды және колледж аумағында құқық бұзушылықтардың орын алуына жол бермейді.

**8-бап.**

ААТК студенті колледжінің кітапханалық-ақпараттық ресурстарына ұқыпты қарайды және бұл ресурстарға қатысты салғырт караушылық пен нұқсан келтірушілікке жол бермейді.

**9-бап.**

ААТК студенті ұқыпты киінеді. Оның сыртқы түр-келбеті зайырлы қоғамның жалпыға ортақ этикалық нормаларына сәйкес келеді.

**10-бап.**

ААТК студенті салауатты өмір салтын ұстанады, өзінің мәдени, адамгершілік және тұлғалық даму деңгейін жетілдіруге ұмтылады, университеттің қоғамдық-мәдени, ғылыми және спорттық өміріне белсене атсалысады.

**11-бап.**

ААТК студенті колледжге және оның аумағынан тыс жерлерде де құқыққа қайшы әрекеттерге жол бермеуге тиіс.

**12-бап.**

ААТК студенті елдегі тәртіптің тұрақсыздануына әкеп соғатын ақпараттың таратылуына жол бермеуі, сондай-ақ заңмен рұқсат етілмеген жиналыстарға, демонстрацияларға, митингілерге, ереуілдерге, акцияларға және шерулерге қатыспауы тиіс.

**13-бап.**

ААТК студенті колледж мүддесіне қайшы келетін және оның имиджі мен беделіне нұқсан келтіретін кез-келген іс-әрекетке қатысудан бой тартады.

**14-бап.**

ААТК студенті студенттік қоғамдастыққа кіретінін мақтаныш тұтып, корпоративті біртұтастық сезім қалыптастырады.

**15-бап.**

ААТК студенті аталған Кодекс ережелерінің бұзылуын байқаған сәтте оны өз күшімен түзетуге тырысады, ал мұндай әрекет мүмкін болмаған жағдайда бұл келеңсіздіктер туралы студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарына немесе ААТК әкімшілігіне хабарлауға құқылы.

# КОЛЛЕДЖ ҚҰРЫЛЫМЫ



ААТК-дің

- жатақханасы,
- қоғамдық тамақтандыру кешені,
- медициналық қызмет көрсету,
- демалыс аймағы,
- оқу – сауықтыру базасы,
- спорт залы,
- саунасы бар.

ААТК-де студенттердің Мәдениет Сарайы жұмыс істейді, университеттің әртүрлі шығармашылық бірлестіктері, мультимедиялық сыныптары бар әмбебап кітапхана, ақпараттық – білім беру орталығы, оқу теледидар орталығы соның құрылымына кіреді.

ААТК құрылымына 4 бөлім:

- оқу бөлімі;
- тәрбие жұмысы бөлімі;
- бақылау және қашықтықтан оқыту бөлімі;
- кадр бөлімі.

3 бөлімше:

- Техникалық пайдалану бөлімі;
- экономика және басқару бөлімі;
- аграрлы бөлім;



**Біздің мекен – жайымыз: Атырау қаласы, Баймұқанова көшесі, 45 б.**

**Мына автобустармен келуге болады: №*8, 53,54,55,59***

**Мына бағытты таксилер: № 10 жүреді.**

# Әкімшілік қызметкерлер және бөлімдер

# Әкімшілік қызметкерлер және бөлімдер

| № | | телефон |
|---|---|---|
| 1 | Колледж директоры<br>**Джанзаков Ислам Исагалиевич** | 36-38-10 |
| 2 | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары<br>**Лапиденова Маржан Сисекеновна** | 36-13-88 |
| 3 | Директордың ғылыми және оқу әдістемелік жөніндегі орынбасары<br>**Искалиева Асия Сагиджановна** | |
| 4 | Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары<br>**Кабдулов Канат Тарихович** | |
| 5 | Директордың оқу өндірістік практика жөніндегі орынбасары<br>**Ерғазиева Айгуль Алпысбаевна** | |
| 6 | Директордың ақпараттық технология жөніндегі орынбасары<br>**Кенжебаев Абзал Байдылдаевич** | |
| 7 | Директордың шаруашылық қызметі жөніндегі орынбасары<br>**Мухамбеталиев Есенжол Тәжіғалиұлы** | |
| 8 | Кадр бөлімінің меңгерушісі<br>**Тыныбаева Жаңыл Тулеушовна** | |
| 9 | Бас есепші<br>**Магазова Гульнар Максутовна** | |
| 10 | Аграрлы бөлімі меңгерушісі<br>**Удирова Анар Саматқызы** | |
| 11 | Техникалық пайдалану бөлімі меңгерушісі<br>**Рыскалиев Жасулан Тарихович** | |
| 12 | Экономикалық бөлімі меңгерушісі<br>**Санат Сабырұлы** | |

# Колледж библиотекасы



ААТК кітапханасы Қазақстанның оқу орындары Қауымдастығының мүшесі, Қазақстан кітапханалары Ақпараттық Консорциумының мүшесі. ААТК кітапханасы – қор құрамы бойынша үздік жоғары оқу орындары кітапханасының бірі. Оған барлық білім салалары бойынша ғылыми, оқу, анықтамалық әдебиеттер, нормативтік құжаттар, мерзімді басылымдар, бейнефильмдер, CD-ROM оқулықтары кіреді. Сирек кітаптар қоры бөлінген (19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басындағы әдебиеттер). Кітапхананың жалпы қоры 73 мың данадан асады. Электронды басылымдардың қоры – 360 атаудан артық. Жыл сайынғы мерзімді басылымдардың түсуі – 200 атаудан асады.

**Сіздерге қызмет көрсетеді:**

- оқулықтар және оқу - әдістемелік әдебиеттер **абонементінде** Сіз оқулықты үйге ала аласыз;
- көркем әдебиеттер және өнер жайлы әдебиеттер **абонементінде** Сіз: **көркем әдебиеттерді – үйге** (кітапханашы көрсеткен мерзімге); **өнер жайлы әдебиеттерді – оқу залынан** ала аласыз;
- мамандандырылған **оқу залдары:**

- ***экономикалық әдебиеттерді*** оқу залы
- ***заң және гуманитарлық әдебиеттерді*** оқу залы - ***мерзімді басылымдарды*** оқу залы

Оқу залында кітаптар беру транскрипт бойынша жүргізіледі.

- **библиографиялық секторда** Сізге әдебиет таңдауға көмек көрсетеді, анықтамалық және нормативтік әдебиеттер береді.

1. Электронды каталог.
2. Оқу материалдары бар аудио- және бейне кассеталар (профессор-оқытушылар құрамының лекциялары); электронды ақпарат көздеріндегі оқулықтар және оқу құралдары (компакт-дискілер, CD ROM) – жеке дискеттерде материалдарды қарау және жазу, бейне және аудиокассеталар.
3. Құжаттарды сканирлеу және мәтіндерді басып шығару.
4. Интернет желісінде жұмыс жасау.

**Кітапхананың жұмыс тәртібі :**

**Кітапхана демалыссыз жұмыс істейді күн сайын 9.00-ден 19.00-ге дейін;**
**Сенбіде демалыс**
**Жексенбіде демалыс**



# *Колледждің спорт секциялары мен шығармашылық бірлестіктері*

| Спорттың түрі | Дүйсенбі | Сейсенбі |
|---|---|---|
| **Баскетбол (балдар)** | 18.00-19.10 | |
| **Баскетбол (қыздар)** | | 18.00-19.10 |
| **Волейбол** | | 15.00-16.30 |
| **Шағын -футбол** | 15.00-18.00 | |
| **Үстел теннисі** | 15.00-17.00 | |
| **Жеңіл атлетика** | | 15.10-17.00 |
| **Атлет. гимнастика** | 15.10-17.00 | |
| **ЛФК** | 15.10-17.00 | |

Колледждегі шығармашылық бірлестіктердің жұмыс істеу мәселелері және оған Сіздің қатысуыңыз бойынша, Жастар комитетінің төрайымына жолығып, біле аласыз.



**Жастар комитетінің төрайымы –**
***Абижанов Исатай***
***Тел. 363810, внутр. 104***

## *Білімді бақылау және бағалау қалай жүзеге асырылады?*



Студенттердің білімін бақылау мен бағалау кешені **ағымдағы,шептік, қорытынды бақылауды және қорытынды мемлекеттік аттестациялауды** болжайды.

Бақылаудың барлық формалары бойынша бағалар әрбір пән бойынша бөлек білімді бағалаудың көп балдық әріптік жүйесінің 100% шкаласы бойынша пайызбен қойылады.

Сіздің біліміңізді бағалау өлшемдері:

**«5» («өте жақсы»)** – егер Сіз бүкіл бағдарламадағы материалды терең және мықты меңгерсеңіз, тапсырманың түрін өзгерткен кезде жауап беруге қиналмай, материалды толық, сабақтастықпен, сауатты және логикамен баяндасаңыз, алдыға қойған міндеттерді еркін жүзеге асыра алсаңыз, монографиялық материал білімін көрсетсеңіз, қабылдаған шешімді дұрыс негіздей білсеңіз, жұмыстарды тәжірибеде орындаудың жанжақты дағдылары мен тәсілдерін меңгерген болсаңыз, материалды қателік жібермей, өздігіңізден айта алып, қорытынды жасай алсаңыз;

**«4» («жақсы»)** – егер Сіз бағдарламалық материалды нақты білсеңіз, оны сауатты түрде және негізгі мәнін айтып бере алсаңыз, сұраққа жауап беру кезінде түбегейлі дәлсіздікке жол бермесеңіз, теориялық ережелерді дұрыс қолдана білсеңіз және тәжірибелік тапсырмаларды орындау кезінде қажетті дағдыларға ие болсаңыз;

**«3» («қанағаттанарлық»)** – егер Сіз негізгі материалды ғана меңгерсеңіз, дәлсіздіктерге жол берсеңіз, тұжырымдарыңызды жеткілікті түрде дұрыс айтып бере алмасаңыз, бағдарламалық материалды баяндау

дәйектілігін бұзсаңыз және тәжірибелік тапсырмаларды орындау кезінде қиналсаңыз;

**«2» («қанағаттанарлықсыз»)** – егер Сіз бағдарламалық материалдың маңызды бөлігін білмесеңіз, түбегейлі қателіктер жіберсеңіз, тәжірибелік жұмыстарды үлкен қиындықпен орындасаңыз.

**Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ)** – оқытушы ұсынатын оқу-әдістемелік әдебиеттерге, әдістемелік әзірлемелер мен бағдарламаларға сәйкес белгілі бір тақырыптар тізбесі мен оған берілген тапсырмаларды өзіндік зерделеу.

Студенттердің өзіндік жұмысына кестеге сәйкес оқытушының қатысуымен орындалатын аудиториядан тыс уақыт (ОСӨЖ) және оқытушының қатысуынсыз аудиториядан тыс уақыт (СӨЖ) кіреді.

СӨЖ және ОСӨЖ бойынша әдістемелік ұсынымдарды кафедралардың профессор-оқытушылар құрамы әзірлейді және оған келесі құжаттар кіреді.

- Пәндерді оқудың бүкіл кезеңіне есептелген СӨЖ кестелері;
- Тапсырмалар жүйесі;
- Рефераттардың, баяндамалардың және шығармашылық жұмыстардың тақырыбы;
- Курстық және диплом жұмыстарының тақырыптары;
- Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі;
- Консультациялық көмек түрлері;
- Бақылау түрлері мен формалары;
- Бағалау өлшемдері, ұсынылатын жұмыс көлемі, шамамен алғанда оны тапсыру мерзімдері.

ОСӨЖ, күні, уақыты, аудиториялары мен тьюторлар көрсетіле отырып, жасалған кестеге сәйкес бүкіл академиялық кезең ішіндегі әрбір пән бойынша жүргізіледі.

ОСӨЖ шеңберіндегі сабақ консультациялық және интерактивті формаларда болуы мүмкін, олардың арақатынасы оқытылатын курстың күрделілігімен, оны оқып үйренуге бөлінген аудиториялық сағаттардың көлемімен, студенттердің дайындық деңгейімен айқындалады.

Сондықтан да Сіздің **ағымдағы рейтингіңіз төмен болса**, егер қосымша консультация алғыңыз келсе, пән бойынша алған тапсырмаларды орындау кезінде қиналатын болсаңыз, оқытушы сабақты дәстүрлі формада жүргізеді. Егер Сізде осындай проблемалар болмаса, **жақсы немесе өте жақсы деген академиялық рейтингке ие болсаңыз**, онда оқытушы өзінің қалауы бойынша Сізді дәстүрлі формадағы сабақтан босатып, консультациялық формада сабақ өткізе отырып, Сізді тапсырмалар беру және оның орындалуын бақылау арқылы жеке немесе топ болып атқаратын жобаға қатыстырады.

Осылармен қатар өзіндік жұмысқа, оқу сабақтары мен емтихандарға Сіздің оқытушысыз дайындық процесіңіз кіреді.

СӨЖ, кітапхана, компьютерлік сынып, лингафон кабинеті, медиатека, оқу теледидары, арнайы зертхана жағдайларында оқу материалдарын өздігінен меңгеруді болжайды.

СӨЖ, бақылау жасау түпкі нәтижеге жетуге бағытталған жазбаша және ауызша формада болуы мүмкін. Бақылау жазбаша формада болған кезде СӨЖ нәтижелері конспект, реферат, баяндама, шығармашылық бақылау, жазбаша, курстық, диплом жұмыстары, ғылыми мақалалар, аудио-бейне есептер және т.б. түрінде рәсімделуі мүмкін.

Бақылау ауызша формада болған кезде, СӨЖ нәтижелері коллоквиум, конференциялар, іскер ойындар, баяндама, шығарма, хабарлама, жеке әңгімелесулер түрінде рәсімделуі мүмкін.



***Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары***
***Лапиденова Маржан Сисекеновна***
***Тел. 361388, внутр. 102***

## Мемлекеттік емтихан және қызыл диплом туралы



Қорытынды аттестация, ҚҚЭУ-дің оқу жұмысының жоспарларында көзделген мерзімдерде жүргізіледі. Оның ұзақтығы 4 аптадан кем емес мерзім болып белгіленеді. Сіздің диплом жұмысын жазу ережелерімен танысуға және қажет болған жағдайда таңдап алған зерттеу бағыты бойынша эдвайзерден консультация алуға құқыңыз бар.

Бүкіл оқу кезеңінде барлық емтихандарды А, А-, В+, В, В- бағаларға тапсырған және қорытындысында **3,5-тен кем емес** орташа үлгерім балы GPA жинаған, сондай-ақ барлық мемлекеттік емтихандарды және дипломдық жұмысын «А» немесе «А-» бағаға қорғаған (тапсырған) ҚҚЭУ-дің түлегіне **үздік бітіргендігі туралы диплом** беріледі. (қайта тапсырылған емтихан болмаған шартында)



## *Колледжден не үшін оқудан шығарылады*

Өз оқуыңызды жалғастырғыңыз келмеген жағдайда Сіздің өз еркіңізбен, дәрігер айғақтары бойынша немесе өзге колледжге ауысуымен байланысты оқудан шығуға құқыңыз бар.

Оқу орнының Жарғысында көзделген міндеттерді, жоғары оқу орнының ішкі тәртіп Ережелерін бұзғаны, оқу тәртібін бұзғаны, жоғары оқу орны әкімшілігінің оқу ақысының

төлеу туралы шартын бұзғаны үшін жоғары оқу орнының әкімшілігі оқудан шығаруға дейін тәртіптік шара қолдануға құқылы.

Оқу жылы ішінде себепсіз 40 сабақ босатқан болсаңыз, Сіз университеттен мәжбүрлеу түрінде шығарылуыңыз мүмкін.

Оқудан шығару мәселелері бойынша оқу процесін жоспарлау бөліміне жолығыңыз.



***Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары***
***Лапиденова Маржан Сисекеновна***
***Тел: 36-13-88, ішкі тел: 104, офис – 102***




# Қандай жағдайда мемлекеттік гранттан айырылуға болады?

Мемлекеттік білім гранты бойынша оқитын, қайта курсқа қалдырылған студенттер одан әрі оқу кезеңіне гранттан айырылады.

# Академиялық демалысты қандай жағдайларда алуға болады?

Студент академиялық демалыс ала алады, яғни денсаулық жағдайы, оның ішінде жүктілік және босану бойынша өз оқуын уақытша үзе алады.

Академиялық демалыс 6 айдан 12 айға дейін, ерекше жағдайларда – 2 жылға дейін, қалалық студенттер Поликлиникасының дәрігерлік-консультативтік комиссиясының (ВВК) қорытындысы негізінде ғана беріледі.



Студент емтихан сессиясы басталғанға дейін академиялық демалыс алу үшін өтініш береді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитын студенттерге академиялық демалыс беру кезінде, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша одан әрі оқу құқығы сақталады. Оның оқуын қаржыландыру, ол аяқталғаннан кейін қалпына келтірілетін, академиялық демалыс берілген кезеңде үзіледі.

Академиялық демалыстан оралғаннан кейін студенттер, студент оқу сабақтарына қатыса алатыны туралы, дәрігерлік-консультативтік комиссияның (ДКК) қорытындысын тапсыруы тиіс. Академиялық демалыстан шыққаннан кейін оқу жұмысының жоспарларындағы айырманы (егер ондай қажеттілік болса) белгіленген мерзімде жоюы қажет.

# Шәкіртақы қандай жағдайларда тағайындалады?

Мемлекеттік білім беру гранты оқитын студенттер стипендия алу құқығына ие. Осындай студенттерге сессия қорытындылары бойынша барлық емтихандарды «А», «А-», «В+», «В», «В-» бағаларға тапсырған жағдайларда шәкіртақы есептеледі. Сессияны «А», «А-» бағаларға тапсырған студенттер жоғарылатылған шәкіртақыға құқығы бар.

Шәкіртақы қандай жағдайларда тағайындалады?

Университетте сондай-ақ Ғылыми Кеңестің стипендиясы және түлектердің стипендиясы тағайындалған, үздік оқитын студенттер және университеттің қоғамдық өміріне белсене қатысатын студенттер оған үміткер бола алады. Стипендиаттардың кандидатураларын Ғылыми Кеңестің мәжілістері мен стипендияны тағайындаған түлектер қарап, бекітеді.

Стипендия алу мәселелері бойынша бөлім меңгерушілеріне хабарласып білуге болады.



***Бөлім меңгерушілері:***

***Удирова А.С***

***САбырұлы С***

***Рысқалиев Ж.Т***

***Тел: 36-13-88, ішкі тел: 104, офис – 102***

# Қалпына келтіру




Оқуды қалпына келтіру туралы өтініштерді жазғы және қысқы демалыстар кезеңінде ректор қарастырады.

Жоғары оқу орнынан шығарылған студентке белгілі формада академиялық анықтама беріледі.

**Оқуды қалпына келтіру рәсімі** келесі түрде жүзеге асырылады:

1) студент оқуын жалғастырғысы келетінін айтып, оқу орнының директор атына оқуын қалпына келтіру туралы өтініш береді. Өтінішке академиялық анықтама тіркеледі;

2) директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарына берілген құжаттар негізінде, оқитын курсты, оқу жоспарындағы айырманы анықтайды;

3) Директор студенттің оқуын қалпына келтіру туралы бұйрық шығарады.



**Студенттің бір уорнына орнынан екінші ауысу рәсімі**келесі түрде жүзеге асырылады:

1) студент өзі оқитын жоғары оқу орнының директоры атына ауыстыру туралы өтініш береді және мөр басылған жазбаша келісімді алғаннан кейін, өзі ауыс оқысы келетін оқу орнының директорына өтініш береді;

2) бөлім меңгерушісі оқитын курсты және оқу жоспарындағы айырманы анықтайды;

шығарады; одан кейін директор білім алушыны ауыстыру туралы бұйрық

3) одан кейін директор білім алушыны ауыстыру туралы бұйрық шығарады.

**Студенттің бір оқу орнының ішінде бір оқу формасынан екіншісіне, бір мамандықтан екінші мамандыққа ауысуы келесі рәсімге сәйкес жүзеге асырылады:**

1) білім алушы оқу орныні директорының атына ауыстыру туралы өтініш береді,өтінішке директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары растаған сынақ кітапшасы өоса беріледі

2) бөлім меңгерушісі ұсынылған сынақ кітапшасының көшірмесі негізінде оқу курсын және оқу жоспарлардағы айырмашылықты атайды

**Бөлім меңгерушісі**

**Удирова Анар Саматовна**



**Сабырұлы Санат**

**Рысқалтиев Жасулан Тарихович**

**Тел: 36-13-88, ішкі тел: 104, офис – 102**

**Тілек**

**Құрметті студент! ААТК-да алынған білім сенің болашақ жұмысыңда және мансабыңда саған көмектеседі. Алайда, сіз өз Alma-mater имиджін жоғары қолдайсыз! Емес теряй уақыт табанды овладевай білімі. Білікті маман болу үшін сізге көп және белсенді қатысу қажет колледждің ғылыми және қоғамдық өмірінде. Бұл қиын, бірақ өте қызықты жол болады!**

# ААТК АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕСІ 2018-2019 ОҚУ ЖЫЛЫНА
## КҮНДІЗГІ ОҚЫТУ ТҮРІ

| | |
|---|---|
| **Күзгі семестр** | |
| 1 курс студенттерінің пәндерге тіркелуі | 20-31 тамыз 2018ж. |
| *Конституция күні – 30 тамыз 2018 жыл*<br>*Білім күні - 1 қыркүйек 2018 жыл* | |
| Күзгі семестрдің басталуы | 1 қыркүйек 2018ж. |
| Аралық рейтинг (Р1) | 22-27 қазан 2018ж. |
| Аралық рейтинг (Р2) | 10-15 желтоқсан 2018ж. |
| Күзгі семестрдің аяқталуы | 15 желтоқсан 2018ж. |
| *ҚР Тәуелсіздік күні – 16, 17 желтоқсан 2018 жыл ҚР Бірінші Президентінің күні – 1 желтоқсан 2018 жыл Жаңа жыл - 1-2 қаңтар 2019 жыл* | |
| Күзгі семестрдің емтихандық сессиясы | 2018 жылдың 19 желтоқсанынан – 2019 ж. 12 қаңтарына дейін |
| Қазақстанның қазіргі заман тарихынан мемлекеттік емтихан | 2018 жылдың 19 желтоқсанынан – 2019 ж. 12 қаңтарына дейін |
| Қысқы демалыстар | 14-26 қаңтар 2019ж. |
| **Көктемгі семестр** | |
| Көктемгі семестрдің басталуы | 28 қаңтар 2019ж. |
| *Халықаралық әйелдер күні - 8 наурыз 2019 жыл*<br>*«Наурыз-мейрамы» - 21-23 наурыз 2019 жыл* | |
| Аралық рейтинг (Р1) | 18-27 наурыз 2019ж. |
| 1-3 курс студенттерінінің элективті пәндерге тіркелуі | 2019 жылдың 25 наурызынан – 27 сәуіріне дейін |
| *Қазақстан халықтарының біріккен күні – 1 мамыр 2019 жыл*<br>*Отан қорғаушылар күні – 7 мамыр 2019 жыл Жеңіс күні – 9 мамыр 2019 жыл* | |
| Аралық рейтинг (Р2) | 02-11 мамыр 2019ж. |
| Көктемгі семестрдің аяқталуы | 11 мамыр 2019ж. |
| Қазақстанның қазіргі заман тарихынан мемлекеттік емтихан | 13-25 мамыр 2019ж. |
| Көктемгі семестрдің емтихандық сессиясы | 13-25 мамыр 2019ж. |
| Жазғы демалыстар | 2019ж. 27 мамырдан – 31 тамызға дейін |
| **Жазғы семестр** | |
| 1-3 курс студенттеріне | 2019 жылдың 03 маусымынан – 13 шілдеге дейін |
| **Кәсіптік тәжірибе*** | |
| **Оқу тәжірибесі**<br>**Педагогикалық тәжірибесі** | 2019 жылдың 27 мамырынан – 01 маусымға дейін<br>03-08 маусым 2019ж. |
| **Өндірістік тәжірибе** | 28 қаңтар 2019ж. – 06 сәуір 2019ж. – аяқтаушы курстар<br>27 мамыр 2019ж. – 29 маусым 2019ж. |
| **Диплом алдындағы тәжірибе, дипломдық жұмысын жазу** | 08 сәуір – 04 мамыр 2019ж. – аяқтаушы курстар |
| **Қорытынды аттестация** | |
| **Аяқтаушы курстар** | 03 мамыр 2019ж. – 29 маусым 2019ж. |

*кәсіби тәжірибенің аяқталу мерзімі, мамандық бағытына байланысты түзетіледі